



«Астана медицина университеті» КеАҚ

Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»

ББ-АстМУ-25
8 беттің 1 беті



БЕКІТІЛДІ

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
2025 жылғы «08» тамыз, № 9 хаттама

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 2 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»	

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Білім беру саласы	7R01 Денсаулықсақтау (медицина)
Дайындық бағыты	7R011 Денсаулықсақтау
Білім беру бағдарламалары тобы	R008 Эндокринология ересектердің, балалардың
Білім беру бағдарламасы	7R01108 - «Эндокринология (ересектер, балалар)»
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің әртүрлі кезеңдерінде кәсіби қызметті дербес жүзеге асыратын білікті, бәсекеге қабілетті эндокринолог мамандарды дайындау
Білім бағдарламасының түрі	Ағымды ББ
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	7
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	VII
Білім беру бағдарламаларының айырықша ерекшеліктері	Жоқ
Берілетін академиялық дәреже	Дәрігер-эндокринолог
Оқу мерзімі	2 жыл
Жоғары білім профилі	Жоғары медициналық білім
Білім бағдарламасының миссиясы	Университеттің алқалы органдарында тәжіірбелік денсаулық сақтау мамандарымен, студенттердің, БСК мамандары, Университеттің КБК қатысуыме, ғылыми кеңестің бекітуімен, талқылаудан өткен білім, тәжірибе және ғылымның үздіксіз дамуы мен үштұғырлылығы қағидаттарына негізделген кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейі бар жоғары мамандандырылған, бәсекеге қабілетті тұлға жаңа буын мамандарын даярлау.
ББ аккредиттеу және сертификаттау	НААР, № АВ 3472/1 от 28.01.22г., 27.05.2021-26.05.2026
Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	-
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Квалификация	дәрігер-эндокринолог
Маман лауазымдарының тізбесі	Стационардың дәрігер-эндокринологы, емхананың дәрігер-эндокринологы, эндокринология бөлімшесінің бөлім меңгерушісі
Кәсіби қызмет саласы	Денсаулық сақтау
Кәсіби қызметтің функциялары	Эндокриндік жүйенің ауруларын диагностикалау, дифференциалды диагностикалау және емдеу
Кәсіби қызмет түрлері	Емдеу, кеңес беру, сараптау, жедел көмек

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 3 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»	

2. Бітірушінің құзыреті және оқытудың нәтижесі

2.1 Білім беру бағдарламасының құзыреті және оқыту нәтижелері

№	Құзыреттер	Оқыту нәтижелері
	Жалпы құзыреттер	№ ЖҚ
1	Әлеуметтік-этикалық дағдылар 1.1 Іскерлік этика нормалары, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормалары 1.2 ҚР заңнамасы, әлеуметтік ғылымдар және денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру негіздері 1.3 Қоғамдық денсаулық қызметтерін көрсетудегі мәдени, әлеуметтік және мінез-құлық факторларының рөлі	ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8
2	Өзін-өзі оқыту және жүйелі ойлау: 2.1 Өзіндік жұмыстың түрлі нысандарын ұйымдастыру 2.2 Кәсіби және жеке басының өсуі 2.3 Ғылыми-медициналық ақпаратты, отандық және шетелдік тәжірибені өз бетінше зерделеу 2.4 Жекебас дағдыларын жаттықтыру: көшбасшылық, топтық жұмыс, эмпатия және бейімделу, бастамашылық және мақсаттарға жету үшін жауапкершілік. 2.5 Күйзеліс пен уақытты басқару дағдыларын дамыту	ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8
3	АКТ-құзыреті: 3.1 Тыныс-тіршіліктің түрлі салаларында ақпараттық технологияларды пайдалану 3.2 Интернет жүйесіндегі өз бетінше қызмет ету білімі мен дағдылары 3.3 КМАЖ-те жұмыс істеу	ОН 1, ОН 2, ОН 6, ОН 7, ОН 8
4	Тілдерді білу: 4.1 Жазбаша және ауызша коммуникация үшін шет тілдерінің бірін меңгеру 4.2 Түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдау	ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 7, ОН 8
5	Үздіксіз кәсіби даму: 5.1 Зерттеу сұрақтарын құрастыру, гипотеза жасау, деректерді жинау және талдау, статистикалық талдау жүргізу және зерттеу нәтижелерінен қорытынды жасау 5.2 Әділдік қағидаларын, ақпаратталған келісім мен құпиялылықты сақтау және зерттеуге қатысатын пациенттердің құқықтары мен әл-ауқатын қорғау принциптерін құрметтеу 5.3 Әдебиеттерді іздеу және талдау жүргізу, зерттеу деректеріне сыни баға беру 5.4 Зерттеуді жобалау дағдыларын, соның ішінде жоспарлау мен зерттеу дизайнын, әдістемені таңдауды, қосу және алып тастау критерийлерін анықтауды, хаттаманы әзірлеуді және деректерді жинау үлгісін меңгеру 5.5 Зерттеу нәтижелерін жазбаша түрде беру және ғылыми журналдарда мақалалар жариялау 5.6 Кәсіби оқу іс-шараларына: конференцияларға, семинарларға, вебинарларға қатысу	ОН 6, ОН 7, ОН 8

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 4 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»	

6	Коммуникативтік дағдылар: 6.1 Екінші тарапты бейтарап тыңдай білу, басқаның көзқарасын құрметтеу және әр түрлі көзқарастар мен пікірлерді білдіруге жәрдемдесу 6.2 Қарым-қатынастың әдеттегі деңгейінде пациентпен байланыс орнату, пациенттермен, олардың отбасыларымен және достарымен серіктестік қарым-қатынас орнату және ұстау қабілеті	ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 7, ОН 8
	Кәсіби/арнайы құзыреттер	№ К
1	Балалар мен ересектердегі эндокриндік органдардың патологиясы және дисфункциясы бар ауруларды диагностикалау бойынша іс-шараларды жүргізу. 1.1. Пациенттен (немесе оның заңды өкілінен) шағымдарды, ауру тарихын, өмір тарихын жинау 1.2. Пациенттен (немесе оның заңды өкілінен) алынған ақпаратты түсіндіру және талдау. 1.3. Науқасты физикалық тексеру (қарау, пальпация, перкуссия, аускультация) жүргізу және оның нәтижелерін түсіндіру. 1.4. Науқасты зертханалық және аспаптық зерттеудің қажеттілігі мен көлемін негіздеу. 1.5. Өкпе күтімі стандартына сәйкес науқастарды зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау. 1.6. Эндокриндік аурулармен ауыратын науқастарда патологиялық процесс анықталған кезде эндокриндік жүйенің функционалдық жеткіліксіздігінің деңгейін бағалау 1.7. Қосымша патологиясы бар науқасты арнайы мамандардың кеңесіне жіберуді негіздеу 1.8. Аурудың ауырлығын және (немесе) науқастың жағдайын бағалау. 1.9. ICD қоса алғанда, халықаралық ұсыныстарды ескере отырып диагнозды белгілеу	ОН 1
2	Балалар мен ересектердегі эндокриндік органдардың патологиясы мен дисфункциясымен байланысты аурулардың жедел және созылмалы асқынуларын білікті емдеуді және алдын алуды тағайындау 2.1. Эндокриндік жүйенің негізгі туа біткен және жүре пайда болған аурулары бар науқасқа амбулаторлық ем тағайындау 2.2 Тағайындалған емнің тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. 2.3 Эндокриндік аурулары және патологиясы бар науқастарды клиникалық тексеруден өткізу. 2.4 Эндокриндік патологиясы бар науқасты шұғыл және жоспарлы госпитализацияға көрсеткіштерді анықтау. 2.5 Эндокриндік жүйе ауруларының асқынуларын дер кезінде анықтау. 2.6 Эндокриндік аурулардың жедел және созылмалы асқынуларын диагностикалау.	ОН 2,6
3	Эндокриндік жүйе патологиясы бар науқастарға жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету 3.1 Жедел медициналық көмекті қажет ететін жағдайларды тану.	ОН 2

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 5 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»	

	3.2 Эндокриндік аурулармен ауыратын науқастарға, оның ішінде төтенше жағдайларда жедел медициналық көмек көрсету. 3.3 Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда, оның ішінде клиникалық өлімде (адам ағзасының өмірлік маңызды функцияларын тоқтату (қан айналымы және (немесе) тыныс алу)) жедел медициналық көмек көрсету. 3.4 Негізгі жүрек-өкпе реанимациясын орындау 3.5 Жедел медициналық көмек көрсету кезінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдану	
4	Эндокринологиялық көмек көрсету кезінде профилактикалық шараларды жүргізу және бақылау. 4.1 Пациенттерде (ересектер, балалар) эндокриндік органдардың патологиясының дамуы мен дисфункциясының алдын алуға байланысты іс-шараларды қоса алғанда, мерзімді және профилактикалық медициналық тексерулерге қатысу. 4.2 Эндокриндік органдардың патологиясы мен дисфункциясымен байланысты аурулары бар науқастар үшін «мектепті» ұйымдастыру дағдыларын меңгеру (инсульт мектебі және т.б.) 4.3 Эндокриндік органдардың патологиясы мен дисфункциясымен байланысты аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу. 4.4 Пациенттерді және олардың заңды өкілдерін ұлттық, халықаралық хаттамалар мен ұсыныстарға сәйкес вакциналар, олардың маңыздылығы, пайдасы және ықтимал қауіптері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету. 4.5 Тұрақты медициналық тексерулер мен скринингтік бағдарламалар туралы хабарлау.	ОН 4
5	Пациенттермен және олардың қоршаған ортасымен өзара әрекеттесу 5.1. Науқасқа немесе оның заңды өкіліне аурудың барысы, емі және болжамы туралы, соның ішінде жағымсыз жаңалықтар туралы хабарлау. 5.2. Пациентке және (немесе) оның заңды өкілдеріне ұсынылған диагностиканың түрі/әдістері, емдеу, мүмкін болатын асқынулар туралы ақпараттандырылған келісімді алу арқылы хабарлау. 5.3. Пациентті немесе оның заңды өкілін олардың қалауларын, құндылықтарын және ақпарат деңгейін ескере отырып, шешім қабылдау процесіне тарту. 5.4. Пациент немесе заңды өкіл негізделген шешім қабылдауы үшін ақпараттың анық және қолжетімді болуын қамтамасыз ететін процедуралар мен технологияларды түсіндіру. 5.5. Емдеу тиімділігін арттыру және пациент-дәрігер ынтымақтастығы үшін пациенттерге эмпатия және қолдау көрсету. 5.6 Пациенттерге толық көмек көрсету үшін басқа медициналық мамандармен және қызметтермен командада жұмыс жасау. 5.7 Қажет болған жағдайда күтімнің үздіксіздігін және уақтылы араласуды қамтамасыз ету үшін басқа мамандармен және денсаулық сақтау қызметтерімен ақпарат алмасу.	ОН 3

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 6 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»	

	5.8 Көп бейінді топтардың жұмысына, консультацияларға, клиникалық турларға қатысу. 5.9 Жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау, вакцинациялау және төтенше жағдайларға ден қою үшін қоғамдық ұйымдармен және денсаулық сақтау қызметтерімен бірлесіп жұмыс жасау. 5.10 Науқасты әрі қарай диагностикалау және емдеу үшін мамандарға немесе мамандандырылған денсаулық сақтау қызметтеріне жіберу.	
6	Есептік, есеп беру медициналық құжаттарды жүргізу: 6.1 Уәкілетті орган белгілеген нысандар, түрлер, көлем, тәртіп және мерзімдер бойынша медициналық құжаттаманы ресімдеу. 6.2 Медициналық құжаттаманы талаптарға сәйкес ұйымдастыру және сақтау. 6.3. Жеке деректерді қорғауға және медициналық ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты нормалар мен ережелерді сақтай отырып, медициналық ақпаратты құпия түрде өңдеу. 6.4 Кәсіби қызметте денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерді пайдалану	ОН 5, 6

2.2 Оқытудың нәтижесі

№	Код	Оқытудың нәтижесі	Тиісті еңбек функциялары (7.2)
1	ОН-1	Пациенттерде (ересектер, балалар) эндокриндік органдардың патологиясымен және функциясының бұзылуымен байланысты ауруларды диагностикалауда, аурулардың белгілерін, объективті тексеру деректерінің, зертханалық және аспаптық және басқа да тексеру әдістерінің нәтижелерін талдауда кәсіби білімді қолдану	Еңбек функциясы 1: Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, үйде, медициналық ұйымнан тыс, шұғыл және жоспарлы түрде білікті және мамандандырылған эндокринологиялық көмек көрсету. Еңбек функциясы 3: Пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау жүйесінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу.
2	ОН-2	Дәлелді тәжірибе негізінде стационарлық және амбулаториялық кезеңдерде дәрілік емес, дәрілік және арнайы емдеу әдістерін қолдана отырып, эндокриндік ағзалардың патологиясы мен функциясының бұзылуымен байланысты аурулары және олардың асқынулары бар науқастарға (ересектерге,	Еңбек функциясы 1: Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, үйде, медициналық ұйымнан тыс, шұғыл және жоспарлы түрде білікті және мамандандырылған эндокринологиялық көмек көрсету. Еңбек функциясы 3: Пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау жүйесінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 7 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»	

		балаларға) ем тағайындау, шұғыл медициналық көмек көрсету	
3	ОН-3	Науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін стационарлық және амбулаториялық деңгейде емделушімен, оның қоршаған ортасымен және денсаулық сақтау мамандарымен қарым-қатынас дағдыларын пайдалану және тиімді амал жасау	Еңбек функциясы 1: Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, үйде, медициналық ұйымнан тыс, шұғыл және жоспарлы түрде білікті және мамандандырылған эндокринологиялық көмек көрсету. Еңбек функциясы 2: Эндокринологиялық көмек көрсету барысында профилактикалық іс-шараларды жүргізу, микробқа қарсы төзімділіктің қалыптасуын алдын алу, санитарлық-гигиеналық ағарту және халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру. Еңбек функциясы 3: Пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау жүйесінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу.
4	ОН-4	Эндокриндік патологияның дамуының алдын алу бойынша халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында алдын алу шараларын жүргізу үшін тәуекелдерді бағалау және барынша тиімді әдістерді қолдану, аурулардың алдын алуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған білім беру және үгіт-насихат іс-шараларын жүргізу	Еңбек функциясы 1: Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, үйде, медициналық ұйымнан тыс, шұғыл және жоспарлы түрде білікті және мамандандырылған эндокринологиялық көмек көрсету. Еңбек функциясы 2: Эндокринологиялық көмек көрсету барысында профилактикалық іс-шараларды жүргізу, микробқа қарсы төзімділіктің қалыптасуын алдын алу, санитарлық-гигиеналық ағарту және халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру. Еңбек функциясы 3: Пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау жүйесінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу.
5	ОН-5	Эндокриндік жүйе патологиясы бар науқастардың медициналық құжаттама басқармасына, оның ішінде еңбекке қабілеттілігін уақытша және тұрақты жоғалтуға медициналық сараптама жүргізуге, нормативтік құқықтық актілердің	Еңбек функциясы 3: Пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау жүйесінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу. Еңбек функциясы 4: Есептік және есептілік медициналық құжаттамасын жүргізу.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 8 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01108 - Эндокринология (ересектер, балалар)»	

		талаптарына сәйкес медициналық құжаттама мен медициналық-статистикалық ақпаратқа талдау жүргізуге қатысу	
6	ОН-6	Эндокринология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде әрекет ету. төтенше жағдайларда базалық көмек көрсету, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсібиаралық командалар құрамында жұмыс істеу	Еңбек функциясы 3: Пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау жүйесінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу. Еңбек функциясы 4: Есептік және есептілік медициналық құжаттамасын жүргізу.
7	ОН-7	"Эндокринология (ересектер, балалар)"мамандығы шеңберінде өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысуға.	Қосымша еңбек функциясы 1: Үздіксіз кәсіби даму. <i>Дағды 1:</i> Кәсіби шеберлікті жетілдіруге ұмтылу
8	ОН-8	Барабар зерттеу сұрақтарын тұжырымдау, эндокриндік жүйе органдарының аурулары бойынша кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалау, күнделікті қызметінде Халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалану, зерттеу тобының жұмысына қатысу.	Қосымша еңбек функциясы 2: Ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыс. <i>Дағды 1:</i>Зерттеулер мен ғылыми жобаларға қатысу.